

**2012 жылға арналған субсидия алушылар тізіміне енгізуге өтінімдерді ұсынудың мерзімдерін және ауыл шаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

**Күшін жойған**

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 149 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда № 9-7-160 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 175 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2012.06.28 № 175 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31- бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағына сәйкес және 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 1-129 Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұсыныстары негізінде Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінім ұсыну мерзімі осы қаулы қолданысқа енгізілген сәтінен бастап және 2012 жылғы 1 маусымға дейін белгіленсін.

2. 2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша себудің оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Нұрғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімі" ММ бастығы

А.С. Нұғыманов

Ә к і м д і к т і ң

2012 жылғы

21

мамырдағы

№ 149 қаулысына қосымша

**2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдар түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері**

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Дәнді (күздік дақылдардан басқа)	15 мамырдан 5 маусымға дейін
2	Бұршақтұқымдас	15 мамырдан 5 маусымға дейін
3	Майлы дақылдар	18 мамырдан 30 мамырға дейін
4	Жемшөптік (өткен жылдарындағы көпжылдық шөптерінен басқа)	30 сәуірден 15 шілдеге дейін
5	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан 31 мамырға дейін
6	Бірінші, екінші және үшінші өсіру бұршақтұқымдас көпжылдық шөптер	20 сәуірден 1 тамызға дейін
7	Күздік дәнді дақылдар	15 тамыздан 1 қыркүйекке дейін
8	Көкөніс және бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін
9	Картоп	10 мамырдан 31 мамырға дейін